

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті**

**Теректі ауданы Ұзынкөл ауылы маңындағы топырақ
жамылғысының физикалық қасиеттері**

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5В011300—«Биология» мамандығы

Орындаған

С.О.Амалбаева

**Ғылыми жетекші
биология магистрі, аға оқытушы**

С.А. Кажиахметов

Орал, 2018

Зерттеу нысаны:

Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы
маңында таралған күңгірт қара-
қоңыр топырақ жамылғысы.

Дипломдық жұмыстың мақсаты:

Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы маңындағы күңгірт қара-қоңыр топырақ қабаттарының физикалық қасиеттерін зерттеу және топырақтың физикалық қасиеттерін, құнарлығын жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар беру.

Міндеті:

1. Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы маңындағы топырақ жамылғысы бойынша әдебиеттермен танысу.
2. Далалық және лабораториялық зерттеу әдістемелерін меңгеру;
3. Топырақ қабаттары бойынша физикалық қасиеттерін анықтау;
4. Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы маңындағы күңгірт қара-қоңыр топырақтарының құнарлығын арттыру, физикалық қасиеттерін жақсарту бойынша ұсыныстар даярлау.




Теректі ауданының картасы


ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы маңы топырақ жамылғысының физикалық қасиеттерін зерттеу барысында классикалық әдістемелер пайдаланылды.


Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы маңындағы күңгірт қара-қоңыр орташа саздақты топырақ қабаттарындағы сыбағалы салмақ көрсеткіші, г/см³




Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы маңындағы күңгірт қара-қоңыр ауыр саздақты топырақ қабаттарындағы сыбағалы салмақ көрсеткіші, г/см³




Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы маңындағы күңгірт қара-қоңыр орташа саздақты топырақ қабаттарындағы көлемдік салмақ көрсеткіші, г/см³




Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы маңындағы күңгірт қара-қоңыр ауыр саздақты топырақ қабаттарындағы көлемдік салмақ көрсеткіші, г/см³




Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы маңындағы күңгірт қара-қоңыр орташа саздақты топырақ қабаттарындағы кеуектілік көрсеткіші, %




**Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы маңындағы күңгірт қара-
қоңыр ауыр саздақты топырақ қабаттарындағы кеуектілік
көрсеткіші, %**



Күңгірт қара-қоңыр ауыр саздақты топырақ қабаттарының аэрация дәрежесі, %



**Күңгірт қара-қоңыр ауыр саздақты топырақ қабаттарының
аэрация (ауамен қамтамасыз етілу) дәрежесі, %**



ҚОРЫТЫНДЫ

1. Дипломдық жұмыс жазу барысында зерттеу ауданының топырақ жамылғысына қатысты 35 әдебиет көзі пайдаланылды. Әдебиеттерге жан-жақты талдау жасалып, соның негізінде зерттеу жұмыстары жүргізілді.

2. Топырақ жамылғысына далалық және лабораториялық зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістемелерін меңгердім. Атап айтар болсақ, топырақтың сулы қасиеттеріне зерттеулер жүргізу әдістемелерімен танысып, дипломдық жұмыс жазуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргіздім.

- Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы маңындағы күңгірт қара-қоңыр топырақ жамылғысының қабаттар бойынша физикалық қасиеттері анықталды:

- Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы маңындағы күңгірт қара-қоңыр орташа саздақты топырақ қабаттарындағы сыбағалы салмақ мөлшері А қабатында $2,43 \text{ г/см}^3$ болса, төменгі С қабатында $2,39 \text{ г/см}^3$ құрады;

- Аталған аймақтан алынған күңгірт қара-қоңыр ауыр саздақты топырақ қабаттарындағы сыбағалы салмақ көрсеткіші беткі А қабатында $2,42 \text{ г/см}^3$ құраса, төменгі С қабатында оның мәні $2,38 \text{ г/см}^3$ құрап отыр;

- Зерттеу ауданы аумағынан алынған күңгірт қара-қоңыр орташа саздақты топырақ қабаттарындағы көлемдік салмақ көрсеткіші беткі А қабатында $1,11 \text{ г/см}^3$ құраса, төменгі С қабатында оның мәні $1,39 \text{ г/см}^3$ болып отыр;

- Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы маңындағы күңгірт қара-қоңыр ауыр саздақты топырақ қабаттарындағы көлемдік салмақ көрсеткіші жоғарғы А қабатында $1,13 \text{ г/см}^3$ құраса, төменгі С қабатында оның мәні $1,44 \text{ г/см}^3$ болып отыр;

- Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы маңындағы күңгірт қара-қоңыр орташа саздақты топырақ қабаттарындағы кеуектілік көрсеткіші жоғарғы А қабатынан төменгі С қабатына дейін 55%-дан 41,8% аралығында болды;

- Теректі ауданы, Ұзынкөл ауылы маңындағы күңгірт қара-қоңыр ауыр саздақты топырақ қабаттарындағы кеуектілік көрсеткіші де анықталды. Оның мәні жоғарғы А қабатында 53,3% болса, төменгі С қабатында 39,5%-ға дейін азайды;

- Күңгірт қара-қоңыр орташа саздақты топырақтың жоғарғы А қабатында аэрация дәрежесі 46%-ды, төменгі С қабатында 32,4%-ды құрап отыр;

- Күңгірт қара-қоңыр ауыр саздақты топырақ қабаттарының да аэрация (ауамен қамтамасыз етілу) дәрежесі беткі А қабатында 45%-ды, төменгі С қабатында 31,8%-ды құрап отыр.

Топырақтың физикалық қасиеттерін жақсарту мақсатында төмендегідей **ұсыныстарды** ұсынғым келеді:

1. Зерттеу ауданының топырақ қабаттарына физикалық қасиеттерін бақылап отыру мақсатында үнемі мониторингтік зерттеу жүргізу қажет;
2. Топырақ жағдайын жақсарту үшін тұратын орман жолағын көптеп отырғызу;
3. Күңгірт қара-қоңыр топырақ жамылғысының физикалық қасиеттері мен құнарлығын жақсарту мақсатында бұршақты-астықты дақылдар егу.



**Назарларыңызға
а
рахмет!**